

¹Б. И. Нұрдәулетова
²Ж.Ә. Аймұхамбет*

¹Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: a_zhanat@mail.ru

Прецедентті мәтіндердегі «зат-символ» мәселесі

Аңдатпа: Адам баласы өміріне серік болып, бірге жасасып келе жатқан зат атаулыға қандай деңгейде де тәуелді. Сондықтан заттардың мәні, қызметі мен мағынасы адамға қаншалықты қатыстылығымен өлшенеді. Қатыстылықтың сипаты адам мәдениетімен шарттылықта және нақты тарихи, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерімен анықталады.

Мақалада прецедентті мәтіндердегі (эпос, жыраулар поэзиясы) заттық атаулардың ұлт, халық танымындағы символдық мәні, зат арқылы берілетін дүниенің мифологиялық бейнесі талданады.

Жалпы мәдени мәтіндердің семиотикалық проблемасы туралы арнайы зерттеу еңбектердің пайда болуы барынша маңызды бола отырып, екі ғасырлық кезеңді құрайды. Бұл – Р. Барт, А. Греймас, Л. Ельмслев, Э. Кассирер, Э. Лич, Ч. Моррис, Ч. Пирс, Р. Якобсон тағы басқа шетелдік ғалымдардың еңбектері. Аталған мәселеге қатысты орыс ғалымдарынан М.М. Бахтиннің, А.К. Байбурыннің, Н.М. Калашникованың, Ю.М. Лотманның, А.Ф. Лосевтің, С.Т. Махлиннің, Ю.С. Степановтің, В.Н. Топоровтың, Б.А. Успенскийдің еңбектерін атауға болады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінде семиотиканың – «мәдениет тілі», «вербальды және бейвербальды коммуникация», «таңба», «символ», «белгі», «индекс», «бейне» тәрізді басты концептілері мен категориялары жүйеленген.

Зерттеу нәтижесінде, лингвомәдениеттанымдық, лингвофилософиялық пайымдауларға сүйене отырып, зат – әрі таңба, әрі символ. Сондықтан зат туралы ілім семиотиканың да, семантиканың да зерттеу нысанына кіреді деген қорытынды жасадық.

Түйін сөздер: прецедентті мәтін, символдық мән, заттар, эпос тілі, семиотикалық сипаттама, этикалық жүйе, сакралдық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-78-85>

*Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP08856996 Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасы аясында жазылды

Кіріспе

Ғалымдардың түсіндіруінше, адам баласы өзінің күнделікті тіршілігіне қажетті, онсыз өмір сүре алмайтын зат-бұйымдардан

бөлек, рухани сұранысын қамтамасыз ететін заттарды да жасауға ерте дәуірлерден бейімделген. Олай болса, адамзат жаралғаннан бері олардың рухани дүниеге сұранысы бар деген сөз. «Зат» ұғымы философиялық катего-

рия ретінде антикалық кезеңнен бастап түрлі дәуірлерді бастан кешірді. Аристотель затты объективті шындыққа негізделген субстанция ретінде түсінудің негізін салды. Заттың субстанционалды трактовкасы Жаңа заман философиясының өкілдері - Дж. Беркли, Ф. Бэкон, В. Лейбниц, Б. Спиноза, Д. Юманың зерттеулерінде дамытылды.

Заттың табиғатын зерттеу гуманитарлық білімде түрлі мағыналарды қамтитын проблемалардың кең ауқымына ие болды. Олар өз кезегінде мәдениет тарихында заттың генезисі туралы қалыптасқан түрлі концепцияларға түсінік береді.

Мифопоэтикалық концепция заттың архаикалық мәдениетте қалыптасу ерекшеліктерін қарастыра отырып, заттың шығу себебін адамның символикалық сұранысымен байланыстырады.

Олардың қатарында А. К. Байбурин, Л. Мамфорд, Е. М. Мелетинский, А. М. Топорков, В. Н. Топоров, Б. Ф. Поршнев, О. М. Фрейдберг тәрізді зерттеушілер бар.

Р.Барттың, Ю.М.Лотманның, Г.С.Кнабенің семиотикалық зерттеулерінің негізгі нысаны мағыналардың интерпретациялауға мүмкіндік беретін дүниедегі түрлі заттар. Ю.М.Лотман: «...все окружающие нас вещи... становятся как бы сгустками отношений между людьми и в этой своей функции способны приобретать символический характер» [1, с.10-11], – десе, Г.С. Кнабе «Язык бытовых вещей» деген мақаласында заттың образдық элементі оның бүкіл қалған болмысын сипаттайтынын жазады. [2, с. 39-43]. Заттар адамзат қоғамының, халықтың, ұлттың мәдениеті мен менталды ойлауының жемісі және ол мәдени дамудың қандай да бір дәуірлері мен кезеңдерге қатысты бола алады. Сондықтан да жансыз заттар халықтың рухани өмірінің, дүниетанымының үнсіз куәсі, айқын белгісі ретінде қаралуы тиіс.

В.Н. Топоровтың зерттеулерінде зат адамның шығармашылық әлемінің бір бөлшегі екендігі баса айтылады [3, с. 70-94].

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған асыл қазынасы – эпостары мен жыраулар поэзиясында қаншама зат, бұйым атаулары

қолданылған, олар ұлтымыздың тарихи кезеңдеріндегі таным болмысын, өмір сүру дағдысын, тұрмыс-тіршілік деңгейін айқындайтын рухани атрибуттар екендігі сөзсіз.

Жазушы Әбіш Кекілбаев Қашаған жырау Күржіманұлының атақты «Есқали сұпыға айтқаны» деп аталатын толғауына талдау жасай келіп: «Оның үстіне бұл жыр ежелгі Лукреций, кейінгі замандардағы Уолт Уйтмен, Пабло Неруда дәстүрлерін амалсыз еске салатын «заттарға мадақсөз». Ежелгі эллиндердің эпикурлық поэзиясынан бермен қарай әлемдік поэзияда орын тепкен бұл дәстүр қазақ поэзиясында сирек ұшырасатын-ды...» [4, 344-345] деп баға береді. Заттарға мадақ айту сол заттардың адам өмірінде қаншалық маңызды қызмет атқаратынын, діни-мифологиялық танымымыз бен онтологиялық білімімізді қалыптастыруда өзіндік орны бар екендігін

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің тіліне мәдени танымдық талдау жасау бұл жырдың мәдени мәтіндегі семиотикалық статусына тікелей байланысты.

Зерттеудің әдістері

Эпос мәтінінің семиотикалық сипаттамасын семиотиканың «мәңгілік», «таңбалық» категориялары аясында құруға тырыстық. Оның себебі эпикалық желіні зерттеп-зерделеу таңбалардың түпкі сакралдық және көркемдік-танымдық жүйелерін өңдеу арқылы дәстүрлі қоғам адамының синкретті ойлау жүйесіне талдау жасаудан бастау алады. Бұл жүйенің әрбір элементі ұсынушы және қабылдаушы, жүзеге асырушы және қабылдаушы арқылы анықталатын изоморфты болмысқа ие.

Талқылау

Қазақтың ұлттық танымындағы зат-бұйым атауларының құндылық ретіндегі мәнін зерттеу барысында профессор Ж.Манкеева кез келген ұлттың, халықтың сан-ғасырлар бойы жинаған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарында, фольклорында, эпостық жырлары мен ежелгі жыр-аңыздарында, жыраулар поэзиясында заттар мен түрлі бұйымдар атаула-

ры арқылы оның ұлттық болмысы сақталған деп көрсетеді. Зерттеуші сонымен бірге, мұндай зат атаулары белгілі бір кезеңдердегі ұлттың, халықтың материалдық байлығын, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік күйін танытып қана қоймайды, сонымен бірге ұлтты ұлт қылып тұрған, басқа этностардан ерекшелейтін этнобрендін де айқындайтынын жазады [5]. Зерттеуші Ж.Манкееваның осы пікірі тілтанушы А.Уфимцеваның тілдің семиологиялық және құрылымдық болмысы туралы: «Аталған болмысына сәйкес тіл, бір жағынан, шындық дүниедегі заттар мен құбылыстарға атау береді, оларды ерекшелейді, олардың болмысы мен өзара қарым-қатынасын жалпыландырады әрі ажыратады, екінші жағынан, ақпаратты сақтап жалғастыра отырып, адамдардың коммуникативтік, сезімдік сұраныстарын қамтамасыз етеді» [6], – деген пікірін толықтыра түседі.

Сөздің ол арқылы аталатын зат пен ұғымға қатысты алғанда таңба екені рас, ал өзінің құрылымдық, қызметтік сипаты жағынан бұл ерекше әрі тәуелсіз мәнді құбылыс және даралық. Сөздер жиынтығы, тіл – сыртқы құбылыстар мен ішкі әлем арасында орналасқан тұтас әлем. Бір қауымдастықта өмір сүретін адамдарға ортақ түсінікті болуына қарай, тілге шарттылық тән, бірақ жекеленген сөздер сөйлеушінің табиғи сезінулерінің нәтижесінде пайда болып, оны тыңдаушының соған етене сезінулері арқылы түсініледі. Тілді зерттеу арқылы адам мен жалпы және тілде сақталған ұлттық әлемнің арасындағы байланысты тани аламыз. «Толып жатқан тіл туралы ғылыми байламдардың ешқайсысы да жер бетін қанша адам мекендеуге мүмкін болса, сонша тілдік дүниетаным жасай алатын рухтың мүмкіншілігін жоққа шығара алмайды» [7, 46-47].

Семантикалық деңгейі мен мағыналық салмағына қарай зат – белгі, зат – символ, зат – маркер түрінде қарастырылады. Зат – белгі дегеніміз кең көлемді ақпараттар кешеніне ие семантикалық аясы бар пән болып табылады. Зат – символдар берілген контекстке сәйкестік мағыналар бере алатын пән. Зат – маркер мезгілдік-мекендік, социомәдени т.б. континумдарды қамтитын пән болып табылады [8].

Мысалы, «Аңшыбай батыр» жырында перінің қыздары Аңшыбайға алтын салынған дорба тастайды. Осы дорба болашақ ноғайлы ханының, әрі батырының кейінгі болашағын қамтамасыз ететін белгі, символ ретінде көрініс табады. Ноғайлы жұрты ортасынан кедейлігі үшін аластап тастаған Аңшыбайдың тығырықтан шығуына, кейінгі оқиғалардың байланысуына негізгі бастама, «ген» осы пері қызы тастаған дорба болады, дорба ноғайлы елін қиындықтан құтқарудың басы, белгісі ретінде жыр мазмұнына енгізілген. Сонымен қатар дорбадағы алтын – қаһарманның бақытты болашағын қамтамасыз етуші ғана емес, оның қоғамдағы статусын да анықтаушы, орнықтырушы зат – маркер.

Жарысып ұшқан екі аққу,
Жерге бір зат тастады.
Жүгіріп жеткен Аңшыбай,
Көтеріп алды, саспады.
Дорба толы сары алтын,
Байлады, қайта ашпады [9, 36 б]

«Едіге» жырының қарақалпақ нұсқасында Тоқтамыс хан Нұраддинге Шыңғысханнан қалған мұра – алтын леген сыйлайды. Алтын леген сыйлау Нұрадиннің тегінің асылзада екенін (Едігенің ұлы), оның Шыңғысханның мұрагері екенін мойындау болса, екінші жағынан, Нұрадиннің бұдан кейінгі болашағының зор екендігін, қоғамдағы орнын анықтайды.

«Едіге» жырының аталған нұсқасында Тоқтамыс түс көреді: Үйіне келіп той береді, алтын легенге ұша мен жамбасты салып, ортаға шығара бергенде, баяғы көрген ақ сұңқар ұша менен жамбасты ханның қолынан қағып ала жөнеледі.

Жырда *алтын* байлықтың, сән-салтанаттың, қоғамдағы ең жоғарғы орынға (бай, хан, патша) ие болудың символы ретінде образға алынады. «Қарасай-Қазы» жырының Айса Байбатынов жырлаған нұсқасында Мамайдан қалған таққа ие болған Шынтемір «алтын қалпақ басында» деп суреттеледі:

Хан болған соң Шынтемір,
Боз жорға аты астында,
Алтын қалпақ басында [9, 10]

«Едіге» жырының татар вариантында:
 Даңлы кыпчак жирендә
 Татардан туган нугай илендә
 Туктамыш дигән хан булды
 Ил булганга ил болды
 Яу булганга яу булды
 Биләгәни кул булды
 Әйдәгәни мал булды
 Сарай дигән каласы
 Сиксән күче арасы
 Сары мәрмәр **алтын таш**
 Сигез йортка даң булды...[10, 122]

Қазақ танымында *алтынның* бағалылығы оны *мыспен* салыстыру арқылы ашыла түседі. Ноғайлы жұртының ақылман биі әрі ел қорғаушы батыры Мамайдың өлімі Сыпыра жыраудың тілімен «алтындарың мыс болып, қорғасын болып еріп тұр» [9] түрінде образдалады. Кәрі анасы Қараүлек Мамай өлгенде: «Жайсаңым қолдан кеткен соң, Алтын туым құлады-ай!» деп жоқтайды. *Туы жығылу* (жай ту емес, алтын ту) соғыс кезінде «жеңілу, күйреу, тізе бұғу» ұғымын берсе, батырлар жырында, жоқтау өлеңдерде адамның «басына қайғы-қасірет түскен, жалғыз тірегінен айрылған» күйін бейнелеу үшін қолданылады.

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклінде *алтын* сөзі жеке де, заттық ұғымдағы сөздермен тіркесіп те қолданылады. Мысалы, *алтын қалпақ, алтын қазық, алтын шашпау, алтын тарақ, алтын шаш, алтын леген* т.б.

Қимыл-әрекетпен байланысты: *алтыннан өнерлеп салу, алтыннан жондыру, алтынды қондыру, алтын салынған дорба*

... кейін қарай шабады.
 Орақ пен Мамайдың
 Моласына барады.
Алтын менен күміспен
Өнерлеп салған моланың
 Қасына барып тұрады. [9,19]

Қарасай, мені бақпадың,
Мақпалдан жабу жаппадың,
Жібектен арқан тақпадың,
Алтыннан қазық қақпадың. [9,20]

Шаңырақ пен уықты
Сары алтыннан жондырған Мамай,

Жарқыраған алтынды
Шаңыраққа қондырған Мамай,
Тәрбие мен байлықты
Астанадан оздырған Мамай,
Құлынының желісін
Шын жібектен тақтырған Мамай,
Алтыннан қазық соқтырған Мамай,
 Ел көшкенде жүтіңді
Жеті нарға арттырған Мамай,...

Саба, қара саба.
 Былғарыдан **саба ойдырған** Мамай,
 Алтыннан піскек қондырған Мамай...

Жеті атадан шынжырлы,
 О, сендерге кімнің шарасы-ай!
 Үйрек ұшып, қаз қонған,
Мамайдың қара сабасы-ай. [9,31]

«Қара сабасында үйрек ұшып қаз қону» тіркесі – байлық, ырыс- несібе ұғымында жыраулар тілінде кездесетін поэтикалық қолданыс. Мәселен ҰҒК-ның сирек қолжазбалар қорынан табылған авторы белгісіз «Қыз ұзатқанда айтылатын тойбастар» жырында белгісіз жыршы ұзатылып бара жатырған қызға:

Қолға алған қара сабаң құтты болсын,
 Ішінде **қоңыр үйрек** пырылдасын...[11, 403], –

деп тілек білдіреді. Жыр жолдарындағы этнографиялық ұғымды мынадай мазмұнда түсіндіруге болатын сияқты: қыздың қолына алған қара сабасы, оның жаңа от басындағы орны – бәйбішелік. «Бәйбішеге жарасар – қолындағы сабасы» деген жырауларда кездесетін тұрақты оралымның астарында «шаңырақтың берекесін кіргізетін бәйбіше, сол шаңырақтың ырыс-несібесі де бәйбішенің қолында болуы тиіс» деген түсінік жатыр. Биені сауып не сауғызып, қымызды сабаға құйып, уақытымен пісіп, күтетін де, келген қонаққа баптап қымыз құйып беретін де бәйбіше, олай болса, бәйбіше мен саба бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Осындағы «қара сабаның ішінде қоңыр үйрек пырылдау» тіркесі саба ішіндегі қымыздың молдығын, піскекпен піскен кездегі қымыздың «ішінде қоңыр үйрек пырылдағандай» баппен ашыған, бетінде қоңырқай

майлары қалқып жүрген кейпін елестетеді. Осындай этнографиялық сипаттағы ұғымдық-құрылымның қалыптасуына себеп болып тұрған мифтік сюжет мынадай: Кіші жүздің Әлім тайпасының бір атақты байының екі әйелі болады. Бір күні байдың ауылы көшіп келе жатса, кіші әйелдің (тоқалдың) көші кейінге қалып қояды да, үлкен әйелдің (бәйбішенің) көші ілгері озып кетеді. Бәйбіше ересектеу баласына «кіші шешенің көші қай шамада келе жатыр, біліп кел» деп жібереді. Баласы кейін қалған көшке келсе, кіші шешесінің көші жермен емес, көкпен көтеріліп, әйелдің өзі аққуға айналып ұшып келе жатқанын көреді. Баласының есі шығып, өз шешесіне келіп: «Кіші апам тегін болмады, аққу болып ұшып келе жатыр» дегенде, долданған бәйбіше: «Жаман тоқалдан менің қай жерім осал» деп, қара сабаны пісіп-пісіп қалғанда, сабаның ішінен қоңыр үйрек пыр-пыр етіп ұша жөнеледі.

Осы пікірімізді Нұрым Шыршығұлұлының мына жолдары да толықтыра түседі:

**Үйрек ұшып, қаз қонған,
Келіспей кетті сабасы [12]**

Осындай образ Қашаған Күржіманұлында да бар:

Жарқыраған жаз болып,
Сабасының түбінен
Үйректер ұшып ұядан,
Қаңқылдаған қаз болып,
Қу серуендер саз болып,
Ұша алмай мамыр балапан
Балшығын шайнар балапан [12].

Нәтижелер

О. Фрейденберттің «Поэтика сюжета и жанра» атты еңбегінің тұтас бір тарауы мәтіндегі заттық әлемге арналады. [13] Г. Кнабе өзінің «Язык бытовых вещей» деген еңбегінде мәтіндегі зат атауларына мынадай анықтама береді: «Вещь-всегда образ, и ее образный элемент окрашивает все остальные ее свойства» [2]. А.К. Байбуруннің еңбектерінде заттардың архаикалық мәдениеттегі қалыптасуы мен пайда болу мәселелеріне ерекше мән беріледі [17, с. 63–101; 7, с. 2-3]. Зерттеушінің пайымдауына сүйенсек, заттар өзінің қызметтік бол-

мысына қарай символдық та мәнге ие бола алады және сол арқылы рухани аяға кіреді.

Осыған орай эпос тіліне мәдениеттанымдық зерттеудің аспектісі эпостағы зат атаулары мен оның мәдени-танымдық, символдық астарын зерттеуге негізделеді. Жырдағы заттық әлемнің мәнін анықтау эпостың мифологиялық дүние бейнесін, космологиялық қабылдауын, жырды жасаушы ортаның этикалық, эстетикалық ой-жасамына реконструкциялаумен байланысты жүргізіледі.

Жырларда кездесетін заттай атрибуттар вербалды коммуникациялық жүйемен бірлесе отырып шығарманың мәтіндік мазмұнын анықтайды.

Қолданыс аясына байланысты оларды келесі классификация бойынша қарастыруға болады:

1. Кейіпкерлердің сыртқы бейнесін толықтыратын атрибуттар /киім, аксессуарлар, әшекей бұйымдар/
2. Әскери атрибуттар /қару-жарақ үлгілері/
3. Байлық атрибуттары /алтын, күміс/
4. Құрылыс атрибуттары /үй, қала/
5. Тұрмыстық атрибуттар /үй-іші тұрмысында ұсталатын заттар/

Қорытынды

Біз, көп жағдайда, ұлттық мәдениет сөз болғанда материалдық, заттық байлықты рухани байлығымыздан бөлек алып қарастырамыз. Шын мәнісінде, ұлт тұтынатын заттық материалдар сол ұлттың рухани да қазынасын танытатынын бағалай бермейтін тәріздіміз.

Олай болса, жыраулар поэтикасындағы материалдық, заттық деректер: тұрмыстың сән-салтанатын, барлығы мен байлығын танытатын бұйымдар, киім-кешектер, сәндік заттар, тағамдар т.б. қазақ ұлтының идеалды болмысын (нағыз қазаққа тән) танытатын мәдени-танымдық атаулар екендігі сөзсіз. Бұндай заттық деректер поэзия тілінде тек ұлттың бір кезеңге тән тарихи тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат беру мақсатында емес, осы материалдық байлықтың ұлттың концептуалдық дү-

ние бейнесінде алатын орнын айқындау, сол арқылы ұлт болмысындағы өзгерістерге баға беру үшін де қажет болғаны анық.

Сондықтан, бұған дейін әдеби мұралар тілінде кездесетін тарихи этнографизмдерге тілдің архетиптік болмысын танытатын тарихи тілдік деректер ретінде қарап, этимологи-

ялық зерттеулер мен поэтикалық талдаулардың нысаны етіп келген біздер (жыраулық поэтиканы зерттеушілер) материалдық лексикаға ұлттың рухани байлығын ғана емес, тарихи ақыл-ойының, ұлттың идеялды болмысының көрсеткіші ретінде де зер салуымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Термелері мен толғаулары, айтыстары мен сөз қағысулары, жыр-дастандары. – Алматы: Жазушы, 2011. – 432 б.
5. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
6. Уфимцева А. Типы словесных значений. Москва: Наука, 1974. -205 с
7. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. –Москва: Прогресс, 2001. – 400 с
8. Байбурун А.К. О жизни вещей в традиционной культуре // Живая старина. 1996. №3.
9. Қырымның қырық батыры Алматы: Арыс, 2005. – 544 б
10. Идәгә. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1988. – 254 б.
11. Нұрдәулетова Б.И. Көне күннің жыр күмбезі. Алматы: Жазушы, 2007. -496 б.
12. Тіл таңбалы ақындар. –Ақтау: Дайк-Пресс, 2017. – 973
13. Фрейденберг О. «Поэтика сюжета и жанра. Москва: Лабиринт, -448 с.
14. Байбурун А.К. Семиотические аспекты функционирования вещей // Этнографическое изучение знаковых средств культуры: Сборник статей. Л.: Наука, 1989.

¹Б. И. Нурдаулетова, ²Ж.А. Аймұхамбет

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга им Ш.Есенова, Актау, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Проблема «вещь - символ» в прецедентном тексте

Аннотация. Человек в своей жизни в какой-то мере зависят от окружающего мира вещей. Следовательно, сущность, функция и значение вещей измеряются их соответствием человеку. Характер участия обусловлен человеческой культурой и определен конкретными историческими, культурными и социальными особенностями.

В статье анализируется символическое значение вещи в прецедентных текстах (былины, поэзия Жырау) в познании нации, народа, мифологического образа мира, передаваемого через материальной ценности.

Появление специальных исследовательских работ по семиотической проблеме общекультурных текстов очень важно, и ее история насчитывает два столетия. Это работы Р. Барта, А. Греймаса, Л. Ельмслева, Э. Кассирер, Э. Лич, Ч. Морриса, Ч. Пирса, Р. Якобсона и других зарубежных ученых. Среди российских ученых по этому вопросу есть работы М.М. Бахтина, А.К. Байбурина, Н.М. Калашниковой, Ю.М. Лотмана, А.Ф. Лосева, С.Т. Махлина, Ю.С. Степанова, В.Н. Топорова, Б.А. Успенского.

В результате исследования, основанного на лингвокультурных и лингвофилософских соображениях, объект является одновременно знаком и символом. Таким образом, мы делаем вывод, что изучение материальной лексики является предметом изучения как семиотики, так и семантики.

Ключевые слова: прецедентный текст, символическое значение, объекты, эпический язык, семиотическое описание, эпическая система, сакральность.

¹B.I. Nurdauletova, ²J.A. Aimukhambet

¹Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The problem «thing is a simbol» in the precedent text

Annotation: to some extent, what a person achieves in life depends on the name. Consequently, the essence, function and meaning of things are measured by their correspondence to man. The nature of participation is determined by human culture and determined by specific historical, cultural and social characteristics.

The article analyzes the symbolic meaning of a thing in precedent texts (epics, poetry of Zhyrau) in the knowledge of the nation, people, the mythological image of the world, transmitted through material values.

The emergence of special research works on the semiotic problem of general cultural texts is very important, and its history goes back two centuries. These are the works of R. Barthes, A. Greimas, L. Elmslev, E. Cassirer, E. Leach, C. Morris, C. Pierce, R. Jakobson and other foreign scientists. Among Russian scientists on this issue there are works by M.M. Bakhtin, A.K. Bayburin, N.M. Kalashnikova, Yu.M. Lotman, A.F. Losev, S.T. Makhlina, Yu.S. Stepanova, V.N. Toporova, B.A. Uspensky.

As a result of research based on linguocultural and linguo-philosophical considerations, the object is both a sign and a symbol. Thus, we conclude that the study of matter is the subject of study of both semiotics and semantics.

Key words: precedent text, symbolic meaning, objects, epic language, semiotic description, epic system, sacredness.

References

1. Lotman Yu.M. Besedy o russkoj kul'ture: Byt i tradicii russkogo dvoryanstva (XVII - nach. XIX v.) [Conversations about Russian culture: Life and traditions of] (SPb.: Iskusstvo. 1994)
2. Knabe G. Yazyk bytovyh veshchey [Language of everyday things] //Dekorativnoe iskusstvo SSSR [Decorative art of the USSR]. 1985. №6.
3. Toporov V.N. Veshch' v antropocentricheskoy perspektive (Apologiya Plyushkina) [A Thing in an Anthropocentric Perspective (Plyushkin's Apology)] // Mif.Ritual. Simvol. Obraz. [Myth. Ritual. Symbol. Form]. Issledovaniya v oblasti mifopoeticheskogo: Izbrannoe [Research in the field of mythopoetic: Selected works]. M.: Progress - Culture, 1995.
4. Kekilbayevich A. Zhyrdarya. // Kaiyrtpai ketken Kashagan: olenderi, termeleri men tolgaulary, aitystary men soz kagysulary, zhyr-dastandary [Unreturned Kashagan: poems, terms and reflections, aityses and speeches, poems]. - Almaty: Writer, 2011. - 432 p.
5. Mankeeva Zh. Kazak tilindegi etnomadeni ataulardyn tanyndyk negizderi [Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language] Almaty: Zhibek zholy, 2008. – 356 p.
6. Ufimceva A. Tipy slovesnyh znachenij [Types of verbal meanings] Moskva: Nauka, 1974. -205 s
7. Gumbol'dt V. Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu [Selected Works on Linguistics] –Moskva: Progress, 2001.– 400 p
8. Bayburin A.K. O zhizni veshchey v tradicionnoj kul'ture [On the life of things in traditional culture] // Zhivaya starina [Living antiquity]. 1996. No. 3.
9. Kyrymnyn kyryk batyry [Forty heroes of Crimea]. Almaty: Arys, 2005. -544p
10. Idaga. – Kazan: Tatarstan kitap nashriaty, 1988. -254 p
11. Nurdauletova B.I. Kone kunnin zhyr kumbezi [The dome of the ancient sun]. Almaty: Writer, 2007. -496 p
12. Til tanbaly akyn dar [Poets] Moscow: Labyrinth, -448 p.
13. Freudenberg O. Poetika syuzheta i zhanra [Poetics of plot and genre]. Moscow: Labyrinth, -448 p.
14. Bayburin A.K. Semioticheskie aspekty funkcionirovaniya veshchey [Of Things Semiotic aspects of the functioning of things] // etnograficheskoe izuchenie znakovykh sredstv kul'tury: Sbornik statej [Ethnographic study of the symbolic means of culture: Collection of articles]. L.: Nauka, 1989.

Сведения об авторах:

Нұрдәулетова Бибайша Илияқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Nurdauletova Bibaisha Iliyaskyzy – doctor of philology, professor, Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Aimukhambet Zhanat Askerbekkyzy – doctor of philology, professor of the department of kazakh literature of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.